

**«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне парламенттік оппозиция мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша
САЛЫСТЫРМА КЕСТЕ**

Р/с №	Құрылымдық бөлігі	Заңнамалық актінің редакциясы	Жобаның редакциясы	Ұсынылатын редакция	Негіздеме	Бас комитеттің шешімі
1	2	3	4	5	6	7
1.	Жобаның тақырыбы		«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне парламенттік оппозиция мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы»	Жобаның тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын: «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына парламенттік оппозиция мәселелері бойынша өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Заң жобасының 1-бабы 2-тармағының алып тасталуына байланысты.	Қабылданды
«Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» 1997 жылғы 7 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңы						
2.	Жобаның 1-бабы 1-тармағының екінші, үшінші және төртінші абзацтары	7-бап. Палаталар тұрақты комитеттерінің төрағалары Сенат, Мәжіліс отырысында депутаттар арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы	7-бап мынадай редакцияда жазылсын: «7-бап. Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары, егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, Сенат, Мәжіліс отырысында депутаттар арасынан	7-бап мынадай редакцияда жазылсын: «7-бап. Палаталардың тұрақты комитеттерінің төрағалары, егер осы Заңда өзгеше белгіленбесе, Сенат, Мәжіліс отырысында депутаттар арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру	Депутаттар Б.С. Дүйсенбинов, Г.А. Баймаханова, А.С. Мурадов Редакциясын нақтылау, «Қазақстан Республикасының	Қабылданды

	<p>Заңның 7-бабы</p>	<p>Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.</p>	<p>ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Парламенттік оппозицияның өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің төрағасы лауазымына кандидатура ұсынуға құқығы бар. Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттері бірінің төрағасы Парламент Мәжілісі депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен Мәжіліс отырысында ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы парламенттік оппозиция депутаттарының арасынан сайланады.».</p>	<p>арқылы Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен сайланады. Парламенттік оппозиция өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің төрағалары лауазымына кандидатуралар ұсынуға құқылы. Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бірінің төрағасы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен парламенттік оппозиция (ол бар болса) ұсынған депутаттар арасынан сайланады.»;</p>	<p>Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 15-бабына енгізілетін «парламенттік оппозиция болып табылатын саяси партиялар фракциясы» терминіне сәйкес келтіру мақсатында. Парламенттік оппозицияға кіретін депутаттардың Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттеріне басшылық етуге қатысу құқықтарын бекіту мақсатында.</p>	
--	----------------------	--	---	---	---	--

3.	<p>Жобаның 1-бабы 1-тармағының жаңа 2) тармақшасы</p> <p>Заңның 19-бабы</p>	<p>19-бап. Сенаттың, Мәжілістің тұрақты хатшысы тиісті тұрақты комитеттің отырысында оның мүшелері арасынан ашық дауыс беру арқылы Палатаның мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен сайланады.</p>	Жоқ.	<p>Жобаның 1-бабының 1-тармағы мынадай мазмұндағы жаңа 2) тармақшамен толықтырылсын:</p> <p>«2) 19-бап мынадай мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:</p> <p>«Парламенттік оппозиция өз депутаттарының арасынан Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің хатшылары лауазымына кандидатуралар ұсынуға құқылы.</p> <p>Парламент Мәжілісінің екі тұрақты комитетінің хатшысы осы баптың бірінші бөлігінде көзделген тәртіппен парламенттік оппозиция (ол бар болса) ұсынған депутаттар арасынан сайланады.</p> <p>Осы Заңның 7-бабының үшінші бөлігіне және осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес парламенттік оппозициядан ұсынылған депутаттар арасынан сайланған Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің төрағасы</p>	<p>Депутаттар Б.С. Дүйсенбинов, Г.А. Баймаханова, А.С. Мурадов</p> <p>Парламенттік оппозицияға кіретін депутаттардың Парламент Мәжілісінің тұрақты комитеттеріне басшылық етуге қатысу құқықтарын бекіту мақсатында.</p>	Қабылданды
----	---	--	------	---	---	------------

				мен хатшылары Парламент Мәжілісінің әртүрлі тұрақты комитетіне сайланады.».		
«Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы						
4.	Заңның 4-3-бабы	4-3-бап. Уәкілетті органның құзыреті Уәкілетті орган: ... 7-1) республикалық деңгейде мемлекеттік ақпарат саясатын жүргізу жөніндегі мемлекеттік тапсырысты тәртібін орналастыру тәртібін бекітеді; 7-2) жоқ.	2. «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, ...): 4-3-бапта: 7-1) тармақшасындағы «республикалық» деген сөз «парламенттік көпшілік пен парламенттік оппозицияның қызметін көрсетуді қоса алғанда, республикалық» деген сөздермен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы 7- 2) тармақшамен толықтырылсын: «7-2) Қазақстан Республикасының Орталық сайлау	Жобаның 1-бабының 2-тар- мағы алып тасталсын.	Заңнама және сот- құқықтық реформа комитеті Үкіметтің осы норма бойынша теріс қорытынды беруіне байланысты, өйткені бұл республикалық бюджеттен қосымша шығыстарды талап етеді. Осы айтылғандардың негізінде заң жобасының 2- тармағын алып тастап, бұл ретте жобаның атауын өзгерту ұсынылады.	Қабылданды

			комиссиясы бекітетін мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарында парламенттік көпшілік пен парламенттік оппозиция партияларының қызметін көрсететін эфир уақыты мен баспасөз жарияланымдарының көлемін салыстырып есепке алу тәртібі мен әдістемесін келіседі;».			
5.	Жобаның 2-бабы	Жоқ	2-бап. Осы Заң 2020 жылғы 1 қыркүйектен бастап қолданысқа енгізіледі.	2-бап мынадай редакцияда жазылсын: «2-бап. Осы Заң 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.».	Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті Осы заң қолданысқа енгізілгеннен кейін Парламент Мәжілісінің Регламентіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігіне байланысты.	Қабылданды

Заң жобасының мәтіні «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес келтірілсін.

Комитет төрағасы

Н. Әбдіров



Дұрыс. Құжаттамамен қамтамасыз ету бойынша сектор меңгерушісі Мамат Н. Шайғынғали.